



# Жалағаш ЖАРЫШЫСЫ

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

## Қабылдау

# ЖЕРГІЛІКТІ СПОРТШЫЛАРДЫ ЖЕҢІСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Аудан әкімі Ардақ Ибраимов Қазақстан Республикасының VIII халық ойындары аясында өткен облыстық іріктеу жарыстары мен республикалық додада жоғары нәтиже көрсеткен аудан спортшыларын қабылдап, құрмет көрсетті. Кездесуге жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлер, жаттықтырушылар, спорт саласының ардагерлері мен жанашырлары қатысты.

Сезім НҰР



Жиында аудан басшысы ел мерейін үстем етіп, Жалағаштың абыройын асқақтатқан спортшылар мен олардың бапкерлеріне алғыс білдіріп, толағай табыс тіледі. Мемлекет басшысының, Үкіметтің және облыс әкімінің қолдауымен өңір тұрғындарының спортпен жүйелі шұғылданыуына барлық жағдай жасалуда. Өткен жылы аудан орталығында заманауи дене шынықтыру-сауықтыру кешені пайдалануға берілсе, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының қолдауымен Аққар ауылдық округінде жана спорт кешені ел игілігіне табысталды. Сонымен қатар орталық стадион күрделі жөндеуден өтіп, Қазақстан Футбол федерациясының «Алан» жобасы аясында жасанды төсеніш жаңартылды. Спорт саласына көрсетілетін қолдау алдағы уақытта да жалғасын табады, – деді аудан әкімі.

Сондай-ақ аудан басшысы жергілікті спортшылардың әлемдік, Азия және республикалық деңгейдегі жарыстарда жоғары нәтиже көрсетіп жүргенін де ерекше атап өтті.

– VIII халық ойындарына арналған облыстық іріктеу жарыстарының қорытындысы бойынша аудан спортшылары жоғары жетістікке қол жеткізді. Бірқатар спортшымыз Түркістан қаласында өткен республикалық кезеңде бақ сынап, аудан намысын абыроймен қорғады. Бұл – спортшыларымыздың табандылығы мен бапкерлердің тынымсыз еңбегінің жемісі. Осы орайда ауданның спорт саласының дамуына үлес қосып жүрген барлық азаматқа алғысымызды білдіреміз. Еліміздің көк Туын көкке көтеріп, Әнұранымызды халықаралық аренада шырқатар чемпиондарымыз көп болсын, – деді Ардақ Әбділғаппарұлы.

Аудан басшысы кездесуде жарыста жоғары нәтиже көрсеткен спортшылар мен жаттықтырушыларға құрмет көрсетіп, олардың алдағы додада да биік белестерді бағындыратынына сенім білдірді.

Айта кетейік, 17-21 мамыр күндері төрт жылда бір рет өткізілетін Қазақстан Республикасының VIII халық ойындарына

арналған облыстық іріктеу жарысы өтті. Оған қала мен жеті ауданнан мыңнан аса спортшы қатысты. Дүбірлі додада аудан спортшылары бес асық, асық ату, шахмат, гир спорты, баскетбол, асық күресі, футбол, тоғызқұмалақ, үстел теннисі және қол күрес секілді спорттың 11 түрін бақ сынап, жоғары нәтиже көрсетті. Аудан құрамасы жалпы командалық есепте III орынды иеленді.

Аталған жарысқа «Наркескен» спорт клубындағы гир спорты үйрмесінен 7 спортшы қатысып, оның 4-еуі жеңіс төрін көрінген. Атап айтсақ, Абдулхасан Сейтенов пен Әзіз Ербол қарсыластарынан озып I орынға табан тіресе, Ербол Ергалиев пен Ислам Мәжиев II орын иеленген. Нәтижесінде гир тасын көтеруден сайыпқыран спортшылар жарыста шеберлігімен ерекше көзге түсіп, жалпы командалық есеп бойынша үздік үштікті түйіндеді.

Сонымен қатар облыстық іріктеуден сүрінбей өткен бірқатар спортшы Түркістан қаласында өткен Қазақстан Республикасының VIII халық ойындарының республикалық кезеңіне қатысып, аудан намысын абыроймен қорғады. Атап айтсақ, жерлесіміз Әділбек Берікұлы қазақ күресінен жекеley сығға түсіп, қарсыластарынан басым түсіп, I орынға ие болды. Бұл – аудан спорты үшін зор жетістік әрі жас спортшыларға үлгі болатын жеңіс.

Жиында аудан әкімі Азия чемпионында топ жарған аудан спортшыларын да назардан тыс қалдырмады. Айта кетейік, 12-16 мамыр аралығында гир тасын көтеруден Ақтау қаласында алғаш рет Азия чемпионы өткен болатын. Халықаралық додаға 9 елден 300-ден

астам спортшы қатысқан. Олардың қатарында Арайлым Аймағанбет пен Әлтайыр Өмірбек те бар.

– Жарыстың екінші күні Әлтайыр Өмірбек 18 жасқа дейінгі жасөспірім ұлдар арасында 63 келі салмақ дәрежесінде серпе көтеру жаттығуынан қос 24 келілік гир тасын 106 мәрте көтеріп, II орын иеленді. Ал жарыстың келесі күні Арайлым Аймағанбет 18 жасқа дейінгі жасөспірім қыздар арасында 63 келі салмақ дәрежесінде жүлқа көтеру жаттығуынан 16 келілік гир тасын 119 мәрте көтеріп, Азия чемпионы атанды, – дейді жаттықтырушы Абдулхасан Сейтенов.

Жиында спорт саласының ардагерлері Мұрат Жаңабегенов пен Жанат Сейтенов аудан спортшының бүгінгі жетістігіне тоқталды. Олар жас спортшыларға ақжарма тілегін арнап, жеңіс жолындағы табандылық пен еңбекқорлықтың маңызын атап өтті.

Бүгінде ауданда бұқаралық спорт қарқынды дамып келеді. Қазіргі таңда 14 мыңға жуық тұрғын дене шынықтыру және спортпен тұрақты түрде айналысады. Бұл аудан халқының 39 пайызын құрайды. Сонымен қатар ауданда спорттың әр түрімен шұғылдануға мүмкіндік беретін бірнеше спорт нысаны халық игілігіне қызмет көрсетуде. Ал осы саланың дамуына 180-ге жуық білікті спорт маманы өз үлесін қосып келеді.

Спорт инфрақұрылымының жылдан-жылға жақсаруы мен бұқаралық спортқа көрсетілетін оқу-тәрбиелік қолдаудың нәтижесінде аудан спортшылары алдағы уақытта да биік белестерді бағындырып, ел абыройын асқақтата беретініне сеніміміз мол.

## Мерей

Қазіргі заман – ақпарат пен нақты дерекке сүйенетін кезең. Кез келген саланың даму бағыты сандық көрсеткіштер арқылы айқындалып, қоғамның шынайы бейнесі осы мәліметтер негізінде көрініс табады. Сондықтан бұл бағыт ел өміріндегі ең маңызды әрі жауапты саланың бірі болып саналады. Осы орайда біз аудандық статистика бөлімінде ұзақ жыл тынымсыз еңбек етіп келе жатқан тәжірибелі маманмен сұхбаттасып, оның жұмыс барысымен жақынырақ таныстық. Бүгінде Бижамал Киребаеваның мемлекетке мүлтіксіз қызмет етіп келе жатқанына 18 жыл болды. Еңбек жолын баға тіркеуші болып бастаған тәжірибелі маман бүгінде жауапкершілік пен табандылықтың арқасында абырой биігіне шықты.

# АДАЛ ЕҢБЕК АБЫРОЙ БИІГІНЕ ШЫҒАРДЫ



– Ол кез 2003 жылдар болатын. Ауданда бар болғаны бірнеше дүкен болса, сондағы тауарлардың бағасын тіркеп отыратыныз. Ай сайын қалаға орташа баға жөнелтілетін. Қазіргейді желінің жүйткіген уақыты емес, барлығы қолмен атқарылады. Токсандық және жылдық есептерді тапсыру үшін қалаға жүрдек пойызбен арнайы барып қайтатыныз, – дейді ол өткен күндерді еске алып.

Иә, заманына қарай жұмыс та, мүмкіндік те басқа еді. Дегенмен уақыт талабына сай әрбір дерек үлкен жауапкершілікпен жиналып, нақты есепке алынатын. Жұмысқа енді ғана аяқ басқан жас маман халық санағы кезінде үй-йүді аралап, сұхбат алушы ретінде де еңбек етті. Сол кезең оның тәжірибеге жинауына үлкен мүмкіндік болды. Кейін білімін жетілдіріп, Алматы қаласында «Есеп және аудит» мамандығын тәмамдады. Қолына тағы бір мамандықтың дипломын алған тәжірибелі маманның мемлекеттік қызметке жасаған алғашқы қадамы дәл осы кезеңнен бастау алды. Осылайша еңбек пен білімді ұштастырған оның кәсіби жолы біртіндеп қалыптаса түсті.

Ол уақыт өте келе өз ісін қыр-сырын терең меңгеріп, тәжірибесін арттыра түсті. Жұмыс барысында түрлі жауапты нақарада қатысып, саладағы маңызды міндеттерді атқарды. «Әр кезеңнің өз қиындығы болды. Бірақ жұмысты адал атқару мен жауапкершілік бәрінен маңызды еді» дейді ол.

Сырт көзге салмағы жеңіл көрінгенімен, статистика саласы үлкен ыждағаттылық пен дәлдікті талап етеді. Мұны білікті маманның әңгімесінен анық байқадық.

– Ауданда қарасты барлық шарға қоғалық тіркеліп, тиісті есеп-кітап жүргізіледі. Халық санағы, ауыл шаруашылығы санағы сияқты жұмыстардың барлығы да жауапкершілікті қажет етеді. Сонымен қатар халықпен жұмыс істеу, тіл табысу, бәрі кәсіби шеберлікке келіп тоғысады, – дейді Бижамал Ихсанқызы.

Қоңыр дауыс, жайлы болмыс. «Батыстың қызымын» дегенді естігенде таңырқап қалдым. Кезінде «бала би» атанған Сырымның Байбақты руынан. Жөн сұраса кете беретін қазақшылдықпен әулетке кезек келгенде ер кісінің атын тіке төтелептеді. Ерлері батыл, қыздары ибалы болатын бөлек бір өңір ғой бұл мекен.

Кейіпкеріміз еңбекке ерте араласты. Мектепті енді ғана аяқтаған жас қыз Орал қаласындағы арматура зауытында тоқары-слесарь болып жұмыс істеді. Жастайынан еңбекке бейімделіп өскен ол әр істі жауапкершілікпен атқаруға әбден машықтанған. Кейін арнайы жолдамалармен оқуға жіберіліп, қазіргі еңбек жолының берік тірегі қалана бастады. Бағанадан бері айтылған елеулі тірліктің алды – осы.

Бүгінде Бижамал Киребаева – аудандық статистика бөлімінің бас маманы. Жылдар бойы жинақтаған тәжірибеге мен кәсіби біліктілік оған жауапты міндеттерді сеніп тапсыруға негіз болған. Қазіргі таңда бөлімнің жұмыс жоспарының орындалуын қамтамасыз етіп, бірнеше маңызды бағыт бойынша қызмет атқарады. Ұлттық санақты ұйымдастыру, ауыл шаруашылығы тіркелімдерін тұрақты түрде жаңартып отыру, әрбір шаруашылық бойынша электронды есеп жүргізу күнделікті атқарылатын жұмыстың бір парасы ғана.

Бір қарағанда кезге көріне бермейтін бұл жұмыстардың артында үлкен жауапкершілік пен ұқыптылық жатыр. Жыл он екі ай жиналатын мәліметтерді дәлдік мен сапасы кейін ауданның әлеуметтік-экономикалық ахуалын бағалауға бағдар болады. Сондықтан әрбір көрсеткіш пен әрбір дерекке бейжай қарауға болмайды. Мұндай міндеттерді атқару үшін кәсіби білімнен қатар тәзім, табандылық және ұқыптылық қажет. Оның еңбек жолына көз жүгірткенде, қарапайым қызметтен басталған кәсіби жолдың жауапты маман қалыптастырғанын аңғару қиын емес.

Жылдар бойы сан мен сараптың сүзгісінен өткен майталман маман еңбек жолында 2009 және 2021 жылдардағы ұлттық халық санақтары мен 2025 жылғы ауыл шаруашылығы санағы секілді ауқымды нақарадағы бел ортасында жүрді. Осы жауапты жұмыстарды абыроймен атқарып, саланың дамуына қосқан елеулі үлесі лайықты бағаланды. Кәсіби біліктілігі мен мінсіз еңбегі үшін Ұлттық статистика бюросының «Құрмет» грамотасымен, облыс әкімінің алғыс хатымен және аудан әкімінің бірнеше мәрте алғыс хатымен марапатталған.

Өмір жолы батыстан өрбігеннен, тағдырдың жазуы оңтүстікке ауды. Жұмыста жауапкершілікті серік еткен Бижамал алай – отбасында аяулы жар, ардақты ана. Жолдасы Болатхан екеуі үш үл тәрбиелеп өсіріп, бүгінде немере сүйіп отыр. Өкшесін басып, ізін жалғаған ұрпақтары білім саласын таңдап, ұстаздық жолға бет бұрған. Өз ісіне адал маманның еңбек жолы кейінгі буынға үлгі болары сөзсіз. Ширек ғасырға жуық ғұмырын салаға сарп еткен маманның өмір өрнегі еңбекпен өрілген тағмылы жол деуге әбден лайық.

Әңгімелескен  
С.НҰР

Гүлжан ЕСЖАН

## Мәулен ӨСЕР, аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасары:

# ҚЫЛМЫСПЕН КҮРЕСКЕННЕН АЛДЫН АЛҒАН АБЗАЛ

Соңғы жылдары елімізде жол-көлік апаты, жасөспірімдер арасындағы топтық төбелес пен мал ұрлығы, интернет-алақтық сынды құқық бұзушылықтар мен қылмыстар саны артқан. Ал аудандағы ахуал қандай? Аудандық полиция бөлімі құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытында қандай жұмыстар жасап жатыр? Осы және өзге де өзекті сұрақтардың түйінін тарқату үшін аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасары Мәулен Өсермен сұхбаттасқан едік...

– Мәулен Жайшылықұлы, аудандағы қылмыстық ахуал туралы айтып өтсеңіз. Жыл басынан бері полиция қызметкерлері құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында қандай жұмыстар жүргізді және олардың нәтижесі қандай?

– Аудандағы ахуал тұрақты бақылауда. Құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында жыл басынан бері бірқатар профилактикалық іс-шара ұйымдастырылып, тиісті жұмыстар жүргізілді. Соның нәтижесінде қылмыстың бірқатар түрі бойынша төмендеу байқалады. Атап айтқанда, бұрын қылмыс жасаған тұлғалармен жасалған қылмыстар саны 15-тен 9-ға қысқарды. Жасөспірімдермен жасалған қылмыстар өткен жылы 2 дерек болса, биыл мүлде орын алмады. Сонымен қатар топтасып жасалған қылмыстар 4-тен 3-ке, бөтен мүлік ұрлығы 6-дан 2-ге, ал пәтер ұрлығы 3-тен 1 дерекке дейін азайды. Бұл көрсеткіштер профилактикалық жұмыстардың оң нәтиже беріп жатқанын көрсетеді. Алдағы уақытта да қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытындағы жұмыстар жалғасын табады.



– Жыл басынан бері қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында аудандық полиция бөлімінің қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесі тарапынан жүйелі профилактикалық жұмыстар атқарылуда. Жыл басынан бүгінге дейін 1522 әкімшілік құқық бұзушылық анықталды. Тіркеген құқық бұзушылықтың басым бөлігі ұчаскелік полиция инспекторларының профилактикалық жұмыстары нәтижесінде анықталған. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің құқық бұзушылыққа «мүлдем төзбеушілік» қағидатын іске асыру шеңберінде 773 құқық бұзушылық анықталып отыр. ҚР «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Заңының талаптарына сәйкес тұрмыстық ортада құқық бұзушылық жасаған тұлғаларға қатысты профилактикалық шаралар да күшейтілген. Биыл тұрмыстық ортада құқық бұзушылық жасаған 39 азаматқа қорғау нұсқамасы шығарылып, 9 азаматқа қатысты аудандық сотқа ұсыныс берілді. Жалпы атқарылып жатқан жұмыстар қоғамдық тәртіпті

нығайтуға және құқық бұзушылықтардың алдын алуға оң әсерін тигізуде.

– Көмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталсаңыз. Жыл басынан бері қанша жасөспірімнің құқық бұзушылық жасағаны анықталды?

– Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында аудандық полиция бөлімінің негізгі бағытының бірі болып табылады. Осы мақсатта білім беру ұйымдарымен бірлесіп түрлі профилактикалық іс-шаралар, түсіндірме жұмыстары мен рейдтік шаралар тұрақты түрде жүргізілуде. Нәтижесінде жыл басынан бері қоғамдық тәртіпті бұзған 168 жасөспірім анықталып, заңды өкілдеріне қатысты тиісті әкімшілік шаралар қолданылды. Атап айтсақ, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 442-бабы бойынша 163 ата-анаға әкімшілік хат-ма толтырылып, жауапкершілікке тартылды. Сонымен қатар осы баптың 1-бөлігі бойынша 1, Кодекстің 132-бабының 1-бөлігі бойынша 1 ата-анаға әкімшілік шара көрілді. Ал ата-аналардың балаларды тәрбиелеу және күтіп-бағу жөніндегі

міндеттерін тиісінше орындамауына байланысты ҚР ӘҚБтК-нің 127-бабы бойынша 3 әкімшілік іс сотқа жолданып, тиісті шешім қабылданды. Бұдан бөлек қаңғыбастықпен айналысқан 6 жасөспірім анықталып, олар қажетті әлеуметтік және психологиялық көмек көрсету мақсатында Қызылорда қаласындағы бейімдеу орталығына орналастырылды.

– Отбасы-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бағытында аудан көлемінде қандай профилактикалық жұмыстар атқарылуда? Есепте тұрған азаматтармен жүргізілетін жұмыстар мен рейдтік іс-шаралар туралы айтып өтсеңіз...

– Отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және олардың жолын кесу мақсатында ішкі істер органдары тарапынан профилактикалық және тізімдік есепте тұрған азаматтармен тұрақты түрде түсіндірме жұмыстары жүргізіліп келеді. Атап айтсақ, ауданда 181 азамат маскүнемдік есебінде, бұрын сотты болғандар санатында 18 азамат, ал нашарқор есебінде 17 азамат тіркеуде тұр. Бұл тұлғалармен ұчаскелік полиция инспекторлары тарапынан жеке профилактикалық жұмыстар тұрақты жүргізілуде. Сонымен қатар аудан аумағында азаматтар көп жиналатын орындарда отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында полиция бөлімінің қызметкерлері рейдтік іс-шаралар ұйымдастыруда. Ақпараттық-түсіндіру бағыты да бір жолға қойылған. Халық көп шоғырланатын орындарда жадинамалар таратылып, билбордтар орнатылған. Сонымен қатар әр аптаның жұма күні атқарылған профилактикалық жұмыстар мен өткізілген іс-шаралар Қызылорда облыстық Полиция департаментінің, аудандық полиция бөлімінің ресми сайттарында, және аудандық газетте тұрақты түрде жарияланып келеді.

– Сұхбатыңызға рақмет!

## Салтанатты шара

# АБЗАЛ ЖАНДАР АЛҒЫС АРҚАЛАДЫ

Орталық алаңда медицина қызметкерлері күніне орай салтанатты шара өтті. Аудан әкімінің орынбасары Әліби Байнахатов сала қызметкерлері мен ардагерлерін кәсіби мерекемен құттықтап, ақшалатты абзал жандарға алғысын білдірді.

Әлемде саналуан мамандық бар. Алайда олардың ішінде халықтың денсаулығын уақытпен санаспай күзететін ақшалатты абзал жандардың орны ерекше. Басмыз ауырып, балтырымыз сыздаса, ең алдымен дәрігердің көмегіне жүгінеміз. Әр науқастың жанына желеу болып, күн-түн демей тұрғындардың жанынан табылатын дәрігерлерге қандай құрмет көрсетсе те артық етпейді. Адам жанының сақшысы



ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАРЛЫҚ ДӘРІГЕРІ МЕН МЕДБИКЕЛЕРІНЕ АЛҒЫС АЙ



бола білген ақшалаттылар күн сайын түрлі қиындықпен бетпе-бет келіп, науқастарды білім мен біліктілігінің арқасында дерттен айқытырып келеді.

Халқымыз «бірінші байлық – денсаулық» деп бекер айтпаған. Денсаулық сақтау саласы – үлкен жауапкершілік пен кәсіби біліктілікті талап ететін аса маңызды қызмет. Адам өмірі мен денсаулығын қорғауды мақсат еткен сәздердің күнделікті еңбектеріміз әрдайым құрметке лайық. Қай кезде де дәрігерлер мен медицина қызметкерлері халықтың жанынан табылып, азаматтардың өмірі мен денсаулығын сақтауға аянбай еңбек етіп келеді. Сіздердің кәсіби шеберліктеріңіз, адамгершілік қасиеттеріңіз бен мамандыққа деген адалдығыңыз көптеген жанның өміріне үміт сыйлап, сауығына сен болуда. Бүгінде мемлекет тарапынан денсаулық сақтау саласын дамытуға ерекше көңіл

бөлініп келеді. Ауданда да медициналық инфрақұрылымды жаңарту, материалдық-техникалық базаны нығайту және халыққа көрсетілетін қызмет сапасын арттыру бағытында жүйелі жұмыс атқарылууда. Осындай игі бастамалардың нәтижесінде аудан тұрғындары сапалы медициналық көмекпен қамтылып келеді. Баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге толағай табыс тілеймін, – деді аудан әкімінің орынбасары.

Иә, ұлт саулығын нығайтып, ауыл халқына сапалы медициналық көмек көрсету – мемлекеттің басты міндетінің бірі. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы денсаулық сақтау саласын айрықша маңызға ие екенін, медицина мамандарының мәртебесі мен беделі жоғары болуы үшін барлық жағдай жасалатынын ерекше атап өткен болатын. Бүгінде Президент, Үкімет және аймақ басшысы тарапынан көрсетіліп жатқан қолдаудың нәтижесінде ауданда

денсаулық сақтау саласы жүйелді дамуда. «Ауылда денсаулық сақтау саласын жаңғырту» жобасы аясында соңғы үш жылда Мырзабай ахун, Аламесек және Қаракеткен елді мекендерінде заманауи үлгідегі жаңа дәрігерлік амбулаториялар пайдалануға беріліп, ел игілігіне қызмет етуде. Мұнан бөлек аудандық ауруханада госпитальдық фармация бөлімі ашылды. Бөлімнің басты міндеті дәрі-дәрмекті есепке алу жүйесін жақсарту, оларды сатып алу шығындарын азайту мен дәрілерді пайдаланудың тиімділігін арттыру болып табылады. Мұнда дәрі-дәрмекті орау аймағы, дәрілік заттарды және медициналық бұйымдарды сақтау бөлмесі мен дәрілік заттарды орталықтандырылған еріту аймағы бар. Бүгінде бұл нысандар халыққа сапалы медициналық көмек көрсетуге мүмкіндік беруде. Сондай-ақ аудандық денсаулық сақтау мекемелері 11 жедел жәрдем көлігімен, жаңа медициналық құрылғылармен және заманауи ультратыбыстық зерттеу аппараттарымен толықты.

Шарада денсаулық сақтау саласының дамуына үлес қосқан бірқатар медицина қызметкері мен сала ардагерлері «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісімен, аудан әкімінің алғыс хатымен және облыстық денсаулық сақтау басқармасының «Құрмет» грамотасымен марапатталды.

Дәрігер болу – жан-жақтылықты талап етеді. Науқастар үшін дерт кезінде барлық жағдай жасалатын ерекше атап өткен болатын. Бүгінде Президент, Үкімет және аймақ басшысы тарапынан көрсетіліп жатқан қолдаудың нәтижесінде ауданда

демей, тіпті демалыс, мереке күндері де тұрғындар саулығын бәрінен жоғары қойып, олармен үнемі баяланыста боламыз. Мен қазіргі таңда ауылдағы ағайынның саулығы үшін еңбек етіп келемін. Жұмыс барысында түрлі диагнозбен ауыратын науқастармен жолығып, оларды дерттен айқытыру үшін қолымыздан келгенше бар күш-жігерімді салудамын. Жалпы дәрігер болу, анттына адал болу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Сол себепті болашақ әріптестерім, артыман ерген ізбасарларыма мамандықтарына адал болып, ізденуден, білім алудан жалықпаңдар дегім келеді. Өздеріңіз білетіндей, қазір жыл сайын тұрғындарға сапалы қызмет көрсету үшін барынша жағдай жасалып келеді. Ауылдағы емдеу ғимаратында қажетті құрал-жабдықтардың көмегімен жергілікті халыққа қызмет етіп келеміз. Мереке қарсаңында еңбегімізді елеп, құрмет көрсетіп жатқан аудан басшылығына әріптестеріміңіз атынан үлкен алғысымды білдіремін. Сондай-ақ барлық әріптесімді кәсіби мерекемен құттықтаймын, – дейді М.Шаменов ауылдық емханасының жалпы тәжірибелі дәрігері Айдаң Төлепбергелен.

Мерекелік шара аудандық аурухана қызметкерлері мен Қонысбек Қазанбаев атындағы мәдениет үйінің өнерпаздары дайындаған концерттің бағдарламаға ұласты. Кәсіби мереке қарсаңында құшақтары гүлге, жүздері күлкіге толған ақшалаттылар бір-бірін мерекемен құттықтап, ақ тілегін арнаған күйі көтеріңкі көңіл күйде тарқасты.

С.НҰР

## Тәлім



# ӘКЕ ТӘРБИЕСІ – ЕЛ БОЛАШАҒЫНЫҢ ТІРЕГІ

Отбасылық құндылықтарды дәріптеп, әкелер институтының қоғамдағы рөлін нығайту мақсатында маусым айының үшінші жексенбі елімізде әкелер күні ретінде атап өтіледі. Осы орайда «Руханият» орталығында «Әке тәрбиесі – ел болашағының тірегі» атты әкелермен кездесу өтті. Шараға аудан әкімінің орынбасары Фани Сүлейменов, аудандық әкелер кеңесінің төрағасы Марат Алдабергенұлы, «Невада-Семей» антиядролық қозғалысының ардагері Жұматай Қорғанбаев, білім саласының ардагері Дина Мирман мен бірқатар ардагер, аудан жастары және түрлі салада табысқа жетіп, кәсіби мен еңбегі арқылы елге үлгі болып жүрген азаматтар қатысты.

Кездесуде аудан әкімінің орынбасары Фани Сүлейменов тағайымды шараның ұлттық құндылықтарды дәріптеп, ер азаматтың отбасы мен қоғамдағы мәртебесін арттыруда маңызы зор екенін атап өтті.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Әке жауапкершілігі – отбасының беріктігі мен ұрпақ тәрбиесінің негізі» деген болатын. Бұл отбасы құндылықтары мемлекеттік саясаттың өзегіне айналғанын айқын дәлелдейді. Әке – тек отбасын асыраушы емес, баланы жауапкершілікке, еңбекқорлыққа және Отанға деген сүйіспеншілікке баулитын алғашқы мектеп. Шаңырақтың берекесі, құты, алтын қазығы ана болса, отбасының иесі де, киесі де, айбаты да, қайраты да, қорғаны да, орманы да – отағасы, яғни қазақ ұғымында әкеңің орны бөлек, айырықша мәртебеге ие. Сіздердің жас ұрпақты тәрбиелеудегі ерен еңбектеріңіз, отбасындағы және қоғамдағы белсенділіктеріңіз – ел игілігіне қосылған зор үлес. Осы орайда қоғам мен мемлекет дамуына белсене араласып жүрген әкелер қауымына зор алғысымды білдіремін, – деді аудан әкімінің орынбасары Фани Сүлейменов.

Кездесуде отбасы құндылықтарын насихаттап, өскелең ұрпақ тәрбиесіне елеулі үлес қосып жүрген, перзенттері өз саласында табысты еңбек етіп, жетістікке жеткен бірқатар әке аудан әкімінің алғыс хатымен марапатталды. Олардың қатарында аудандық емхананың жалпы тәжірибелі дәрігері, I санатты дәрігер Гүлжайна Бүркітбайдың әкесі Ерлан Бишевте бар. Ерлан Бишев – қызының жетістіктеріне негіз болған өнегелі әке. Ал қызы Гүлжайна Ерланқызы денсаулық сақтау саласында табысты еңбек етіп, облыстық денсаулық сақтау басқармасының «Құрмет» грамотасымен, облыс әкімінің алғыс хатымен марапатталып, «Медицина саласының үздік дәрігері» медальінің иегері атанған.

Жиында спорт саласында жетістікке жеткен саңлақты тәрбиелеген ардақты әке Руслан Ермаханов та марапат төрінен көрінді. Оның ұлы Теміржан Русланұлы – қазақ күресінен жастар арасында Қазақстан Республикасының чемпионы, аудандық және облыстық турнирлердің бірнеше дүркін жеңімпазы. Сонымен қатар ол 2022 жылы жастар мен жасөспірімдер арасында өткен қазақ күресінен Әлем чемпионы атанды. Бұдан бөлек өткен жылы «Дала қырандары» турнирінде 55 келі салмақ дәрежесінде жеңіс тұғырынан көрініп, чемпиондық атақты иеленген.

Ал білім саласы бойынша Балқы Телғараның әкесі Еркін Телғараұлы марапатталды. Оның ұлы – әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейінің 11 сынып оқушысы, «Атаны белгі» иегері. Информатика пәні бойынша республикалық олимпиаданың жүлдегері. Лингвистика бойынша республикалық олимпиаданың I орын жеңімпазы. Айта кетейік, озат оқушы ағылшын тілін жоғары деңгейде меңгерген, IELTS халықаралық емтиханынан ең жоғары балл жинаған.

Мұнан кейін марапат төрінен Өмірбек Байділдаев төбе көрсетті. Қызы Манзура Өмірбекқызы мәдениет саласында жемісті еңбек етіп келеді. Ол – мәдениет және өнерді дамыту орталығы жанынан құрылған «Элеганс» би үйірмесінің жетекшісі. 2025 жылы мәдениет саласы бойынша «Жылдың үздік хореографы» номинациясынан иеленді. Жақында ғана шақыртылған халықаралық «Бозторғай» байқауында I орын алып, жоғары жетістікке қол жеткізген.

Сағадат Жомартұлы құқық қорғау саласында абыройлы қызмет етіп келеді. Қазіргі таңда аудандық полиция бөлімінде қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің бастығы. Оның қажырлы еңбегі жоғары бағаланып, 2024 жылы «Жыл сақшысы» атағына ие болған. Сонымен қатар былтыр қызметтік міндетін үлгілі әрі мінсіз атқарғаны үшін «Ішкі істер органдарындағы мінсіз қызметі үшін» төсбелгісімен марапатталды және «Ішкі істер органдарының шебер маманы» біліктілік санаты берілген. Келелі кездесуде оның әкесі Жомарт Әбешекұлы да марапат төрінен көрінді.

Мұнан бөлек жиында көпбалалы әкелер де марапатталды. Көпбалалы жас әкеңіз бірі – Өмірбек Кәліменов. Ол бүгінде спорт саласында жоғары жетістікке жетіп, жастарға үлгі болып жүр. Өмірбек Садықұлы қазақ күресінен жастар арасында ҚР чемпионатында I орын иеленіп, дзюдодан жастар арасында республикалық турнирдің жеңімпазы атанған. Сонымен қатар қазақ күресінен Қазақстан Республикасының спорт шебері атағына ие болған. Спортты жанына серік еткен әке бүгінде өз балаларының да салауатты өмір сүратып ұстанып, спортпен айналысуына ерекше көңіл бөліп келеді. Оның ұлы Нұрдаулет бес жасынан бастап дзюдо спортымен тұрақты шұғылданып, аудандық, облыстық және республикалық турнирлердің бірнеше дүркін жеңімпазы атанған.

Сондай-ақ көпбалалы әкелердің қатарында Жанболат Ділдібаев те бар. Оның ұлы Елинұр Төлеубай дзюдодан аудандық, облыстық және республикалық турнирлердің жеңімпазы атанып, үздік нәтижелерге қол жеткізген. Елинұр «Жас Барыс – 2025» және «Жас Барыс – 2026» турнирлерінің жеңімпазы атанып, спорт шеберіне үміткер дәрежесін иеленген. Бұл – жас спортшының ғана емес, баласының болашағына бейжай қарамайтын әкеңіз де еңбегінің жемісі.

Жиының соңында аудандық әкелер кеңесінің төрағасы Марат Алдабергенұлы, «Невада-Семей» антиядролық қозғалысының ардагері Жұматай Қорғанбаев, білім саласының ардагері Дина Мирман қоғамдағы әкеңіз рөлі, отбасы тәрбиесіндегі жауапкершілігі мен өнегесі туралы ой-пікірлерін ортаға салды. Сондай-ақ әкелердің отбасы құндылықтарын нығайту мен жас ұрпақты тәрбиелеудегі еңбектеріңіз тілге тиек етіп, барша ардақты әкеге шынайы ризашылығын білдірді.

Сезім НҰР

## Сайлау – 2026

# ҚОС АУЫЛДЫҢ ХАЛҚЫ САЙЛАУДА БЕЛСЕНДІ БОЛДЫ

Жексенбі. Таңмен таласа оянып, төрт түлігін ерте жайғаған ақсулық ағайын таңғы тірлігін түзеген бойы білім ошағына жиналды. Себебі бүгін жергілікті халық ауыл әкімін сайлау үшін дауыс бермек.

Ауыл тұрғындары сайлауға түскен үш үміткердің біріне сенім білдіріп, елді мекеннің келесі төрт жылдағы тізгінін ұстайтын азаматты таңдамақ. Үш үміткер де мемлекеттік қызметте тәжірибесі бар, білікті маман ретінде танылған азамат екені көпшілікке мәлім. Бүгінге дейін тұрғындар аудандық газет арқылы үміткерлердің өмірбаянымен және сайлауалды бағдарламасымен толық танысып шыққан. Олардың әрқайсысы ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып, тың бастамалар мен жерқын жобаларды жүзеге асыруға ниетті.

Сағат тілі 07:00-ді көрсеткенде ауылдағы мектеп ғимаратында орналасқан №139 сайлау учаскесінде Мемлекеттік Әнұран шырқалып, учаскелік сайлау комиссиясы мүшелерінің, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің, бақылаушылардың қатысуымен сайлау учаскесі ресми түрде ашылды. Осы сәттен бастап тұрғындар дауыс беру процесіне белсенді түрде қатыса бастады. Таң сәрінен келіп, өз таңдауын жасауға асыққан тұрғындардың қатары қалың. Әсіресе қариялар мен жастардың белсенділігі ерекше көзге түсті.

Тұрғындардың талабы жаңадан сайланатын әкім ауыл инфрақұрылымын жақсарту, жол сапасын арттыру, жастарды жұмыспен қамту және әлеуметтік мәселелерді шешу бағытында нақты жұмыстар жүргізуі тиіс. Сондықтан әрбір сайлаушы өз дауысын ауылдың ертеңін жарқын етеді деп сенген үміткерге беруде.

Ауылдың болашағы бәрінен маңызды. Сондықтан бүгінгі саяси науқаннан шет қалмай, өз таңдауымызды жасауға келдім. Жерлестерімді ауылдың келешегіне бейжай қарамай, сайлаудың жоғары деңгейіне өтуіне атсалысуға шақырамын. Себебі ауыл әкімін сайлау арқылы біз елді мекеннің дамуына өз үлесімізді қосамыз, – дейді ауыл ақсақалы Оңғар Аппазов.



Айта кетейік, ауыл бойынша дауыс беруге құқылы азаматтардың жалпы саны – 1028. Оның ішінде 102-сі зейнеткер болса, 22 тұрғын үйден дауыс беру мүмкіндігін пайдаланған. Сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі ретінде тіркелген 15 азамат бар. Ал биыл алғаш рет дауыс беру құқығына ие болған, яғни 18 жасқа толған жастар саны – 1.

Сағат тілі 10:00-ді көрсетіп тұр. Сайлау учаскесінде жұмыс жүйелі түрде жүргізілуде. Бірі бюллетень алып дауыс берсе, енді бірі арнайы кабиналарда өз таңдауын жасап, бюллетеньдерін жәшікке салуда. Осы уақытқа дейін сайлау комиссиясы төрағасының мәліметінше, 230 тұрғын өз таңдауын жасап үлгерді.

Таңғы сағат 07:00-де басталған дауыс беру кешкі сағат 20:00-ге дейін жалғасты. Осылайша ақсулықтар ауылдың алдағы дамуына қызмет ететін бастыны таңдап, елді мекеннің болашағына деген жауапкершілігін тағы бір мәрте көрсетті. Халықтың жоғары белсенділігі мен ұйымышылдығы бұл саяси науқанның маңызын айқындап, ауыл тұрғындарының туған жер тағдырына бейжай қарамайтынын дәлелдей түсті.

Жаңаталап ауылдық округінде де халықтың белсенділігі анық байқалады. Таң атысымен №114 сайлау учаскесіне тұрғындар ағылып келіп, өз таңдауын жасады. Саяси науқанға ауылдың үлкендері де, белсенді жастары да ерекше жауапкершілікпен қатысты. Тіпті жақында ғана шаңырақ көтерген жас отбасылар да азаматтық ұстанымдарын танытып, дауыс беруге келді. Сайлау учаскесіндегі жоғары белсенділік тұрғындардың ел болашағына бейжай қарамайтынын көрсетті.

Апта аяғы біреулер үшін демалыс болса, жаңаталаптықтар үшін белсенділік пен азаматтық жауапкершіліктің көрінісіне айналды. Таңсәрінен №114 сайлау учаскесінде қозғалыс қыза түсті. Қариясы баталы елдің жасы алысты көздейді. Жасы үлкен ақсақал да, жеке кәсібін дөңгелентіп жүрген азаматтар да, тіпті болашағын енді бағдарлаған жастар да маңызды науқаннан шет қалмады. Сайлау учаскесіндегі жұмыс Мемлекеттік Әнұранның орындалуымен басталып, барлық талап пен заңдылық қатаң сақталды. Есіктен ентелей кірген тұрғындардың адымен өз есімдерінің сайлаушылар тізімінде бар-жоғын тексеріп, кейін

Сезім НҰР  
Гүлжан ЕСЖАН

Тағылым

# ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР – ҰЛАҒАТТЫ ӨМІР



«Қариясы бар елдің қазынасы бар» дейді дана халқымыз. Расында, ұрпаққа өнеге болар өнегелі өмір иелері, ақылдың кеніне айналған ақсақалдар мен ақсаулықты аналар – қоғамның рухани тірегі, елдің өткенін бүгінге жалғайтын алтын көпірі.

«Адамның өмір – жолы бір кітап» десек, оның әрбір парағы мағыналы еңбекпен, адалдықпен, мейіріммен және адамгершілікпен жазылуы тиіс. Кейбір жандар бар, олардың жүріп өткен жолы бір отбасының ғана емес, тұтас бір елдің тарихымен астасып жатады. Осындай ғибратты ғұмыр кешіп, саналы өмірін ел игілігіне арнаған ардагерлерді ардақтау – кейінгі буынның қасиетті парызы. Осы орайда аудандық ардагерлер кеңесімен бірлесіп ұйымдастырылған «Ғибратты ғұмыр – ұлағатты өмір» атты салтанатты кездесу кеші өмірдің жиі белесіне көтерілген, сексеннің сеніріне шыққан ардақты жандарға деген құрметтің айқын көрінісі болды.

Халқымыз «жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» дейді. Адамның артында қалатын ең үлкен мұрасы – жинаған байлығы емес, елге сіңірген еңбегі мен тәрбиелен өсірген ұрпағы. Осындай ізгі жолды өмірлік ұстаным еткен ардагерлер Аманжол Садқов, Балқұл Арушакқызы және Ажар Жалмұратқызының өмір жолы – көпшілікке үлгі.

Саналы ғұмырын адал еңбекпен өрген бұл жандар өз заманының қиындығы мен қуанышын қатар көріп, ел дамуы жолында аянбай еңбек етті. Олар еңбек еткен жылдар тәжірибесі, табандылықтың, жауапкершіліктің мектебі еді.

«Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген аталы сөздің шынайы мәнін олар өз өмірімен дәлелдей білді.

Кездесу кешінде сөз алған ардагер Аманжол Садқов «бүгінгі жас ұрпақ бейбіт заманда білім алып, еліміздің ертіні үшін қызмет етсе» деген ақ тілегін жеткізді.

– Біз көрген дәуірдің де өз қиыншылығы, өз қуанышы болды. Ең бастысы, қай кезде де елге деген сүйіспеншілікті, еңбекке деген адалдықты жоғалтқан емеспіз. Бүгінгі жас ұрпақ бейбіт заманда білім алып, еліміздің ертіні үшін қызмет етсе деген ақ тілегім бар. Адамның абыройы атақпен емес, адал еңбегімен өлшенеді. Сондықтан әрбір жас өз ісіне жауапкершілікпен қарап, туған жеріне қызмет етуі керек, – деп өмірлік тәжірибесімен бөлісті.

Бұл сөздер көпті көрген қарияның жүрегінен шыққан өмірлік ұстаным, кейінгі ұрпаққа қалдырған аманатты іспетті. Шарала ақсаулықты ана Балқұл Арушакқызы да жастарға ақылмен айтып, ата-бабадан қалған салт-дәстүр мен ұлттық құндылықтарды көздің қаршығандай сақтау әрбір ұрпақтың міндеті екенін жеткізді.

– Ана бақаты – ұрпақтың амандығы, елдің тыныштығы. Біз өмір бойы балаларымыздың тәрбиесі, халқына пайдалы азамат болып өсуін тіледік. Бүгінгі жастарға айтарым, үлкенді сыйлап, кішіні құрметтеңдер. Себебі «үлкенге құрмет, кішіге ізет» деген сөздің астарында тұтас тәрбиенің мәні жатыр. Ата-бабамыздан қалған салт-дәстүр мен ұлттық құндылықтарды көздің қаршығандай сақтау – әрбір ұрпақтың міндеті, – деді ол.

Ананың жүрегінен шыққан бұл сөздер мейірім мен тәрбиенің, парасат пен даналықтың жарқын үлгісі болды. Ардагерлердің жүріп өткен өмір жолына зер салсақ, олардың ғұмыры – тек жеке тағдыр емес, тұтас бір дәуірдің шежіресі. Олар ел басына түскен түрлі кезеңді бастан өткізіп, маңдай терімен еңбек етіп, бүгінгі тәуелсіз қоғамның қалыптасуына өз үлесін қосты.

Өмірдің мәні – айнала пайдаңды тигізіп, жақсы атыңды қалдыр. Ардагерлеріміздің ғибратты ғұмыры – осы ұлы ұғымның жарқын дәлелі. Рухани кеште мерейтой иелеріне ақ тілектер айтылып, олардың еңбегі мен адами қасиеті ерекше ілтипатпен аталды. Әріптестері,

замандастары мен ізбасарлары жүрекжарды лебізін жеткізіп, өткен күндердің әсерлі естеліктерімен бөлісті.

Мәдениет пен өнер майталмандары әулетте ән шырықп, күй күмбірлетіп, мерекелік кештің көркін аша түсті. Әсем әуен мен шынайы ықыласқа толы жүзесу әрбір қатысушының жүрегіне жылулық сыйлады.

Сексен жас – жай ғана сан емес, сан жылдық еңбек пен тәжірибенің, көрген мен түйгеннің, сабыр мен парасаттың биік шыңы. Сегіз онжылдық ғұмырдың әр күні – өз алдына бір тағылым, бір өмір сабағы.

Бүгінгі ұрпақ үшін осындай абзал жандардың өмір жолын танып, олардың айтқан ақылын тыңдау – үлкен мектеп. Өйткені тарих кітаптарда ғана емес, оны көзімен көріп, жүрегімен сезінген қариялардың жадында сақталады.

Ұлттың ұлылығы – үлкенін қадірлеп, қариясын құрметтей білуінде. Қариясын төрге озырған елдің берекесі артып, ұрпағы өнегелі болады. Сондықтан ардагерлерімізге көрсетілген әрбір құрмет – өткенге тағзым, болашаққа тағылым.

– Ардақты Аманжол Садқов, Балқұл Арушакқызы және Ажар Жалмұратқызына зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, шаңырақтарына шаттық пен береке тілейміз. Ұрпақтарының қызығын көріп, елдің құрметіне бөленіп, ортамызда аман жүрсін. Ғибратты ғұмыр иелерінің тағылымға толы саналы ғұмыры жастарға бағдарлам іспетті. Біз осындай тағылымды шаралар арқылы жастардың бойына ізгілікті, адалдықты, табандылық пен жауапкершілікті сіңіреміз. Ал осындай кештен ғибрат алған кейінгі буынның болашағы да жарқын болары сөзсіз, – деді аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садқов Әлиев.

Ғибратқа толы ғұмыр – мәңгілік өнеге. Осындай асыл жандардың өмір жолы кейінгі буынға шамшырақ болып, ұлттық руханиятымыздың алтын қорында сақтала бермек.

Ләззат ҚАЗМАҒАНБЕТОВА

## 2026 жылғы 12 шілдеге тағайындалған Жалағаш ауданының Аққыр және М.Шәменов ауылдық округі әкімдеріне кандидаттарды тіркеу туралы Жалағаш аудандық сайлау комиссиясының хабары

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 113-5 бабы, 9-тармағына сәйкес, Жалағаш аудандық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 19 маусымдағы №АСК-144 және №АСК-145 шешімдерімен 2026 жылғы 12 шілдеге тағайындалған Жалағаш ауданының Аққыр және М.Шәменов ауылдық округі әкімдерінің сайлауына кандидаттар болып тіркелді:

### Аққыр ауылдық округіне

1. Жусупова Қымбат Әнуарқызы – 1988 жылы туған, қазақ, Ақсу ауылдық округінің әкімі аппаратының бас маманы, Жалағаш кентінде тұрады. Өзін-өзі ұсынған. «Аманат» партиясының мүшесі.

2. Жоламанова Роза Нұрланқызы – 1986 жылы туған, қазақ, Мырзабай ахун ауылдық округінің әкімі аппаратының бас маманы, Мырзабай ахун ауылында тұрады. Өзін-өзі ұсынған. «Аманат» партиясының мүшесі.

3. Ізбасарұлы Арман – 1992 жылы туған, қазақ, Таң ауылдық округінің әкімі аппаратының директоры, Қызылорда қаласында тұрады. Өзін-өзі ұсынған.

### М.Шәменов ауылдық округіне

1. Есжанов Галымжан Сансызбаевич – 1970 жылы туған, қазақ, М.Шәменов ауылдық округінің әкімі аппаратының бас маманы, Жалағаш кентінде тұрады. Өзін-өзі ұсынған. «Аманат» партиясының мүшесі.

2. Есенәлиев Нұржан Оспанұлы – 1989 жылы туған, қазақ, Жалағаш ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатнастары бөлімінің сектор меңгерушісі, Жалағаш кентінде тұрады. Өзін-өзі ұсынған. «Аманат» партиясының мүшесі.

3. Ізбасарұлы Арман – 1992 жылы туған, қазақ, Таң ауылдық округінің әкімі аппаратының бас маманы, Таң ауылында тұрады. Өзін-өзі ұсынған. «Аманат» партиясының мүшесі.

## 2026 жылғы 21 маусымда өткізілген Жалағаш ауданының Ақсу және Жаңаталап ауылдық округі әкімдерін сайлау қорытындысы туралы хабар

2026 жылғы 21 маусымда Жалағаш ауданы бойынша Ақсу және Жаңаталап ауылдық округі әкімдерінің сайлауы өткізілді.

Жалағаш ауданының Ақсу ауылдық округінің әкімін сайлау жөніндегі дауыстарды санаудың нәтижелері туралы уәкелетті сайлау комиссияларының хаттамасы негізінде Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы Жалағаш ауданының Ақсу ауылдық округінің сайлау өтті деп танылғанын хабарлайды.

Жалағаш ауданының Ақсу ауылдық округінің әкіміне 3 кандидат дауысқа түсті. Ақсу ауылдық округі бойынша сайлаушылар тізіміне 1028 азамат енгізілген, оның ішінде сайлау бюллетендерінің 671 адам немесе 65,27 пайызы алды. Оның ішінде есептен шығару куәліктері бойынша сайлаушылар дауыс берген жерде, дауыс беру үй-жайынан тыс жерде 22 сайлаушы дауыс берді. 3 бюллетен жарамсыз деп танылды.

Жалағаш ауданының Ақсу ауылдық округінің әкімін сайлаудың мынадай қорытындылары анықталды:

Ерсултанов Ақтан Еңбекұлы үшін дауыс беруге қатысқан сайлаушылар санынан – 73 дауыс, Оспанқұлов Сейітбек Қалдыбекұлы үшін – 95 дауыс, Сығайбаев Мейрамбек Серікұлы үшін – 498 дауыс берді, барлығына қарсы – 2 дауыс берілді.

Сығайбаев Мейрамбек Серікұлы – Жалағаш ауданының Ақсу ауылдық округінің сайланған әкімі болып есептелінді.

Сығайбаев Мейрамбек Серікұлы – 1988 жылы туған, қазақ, Ақсу ауылдық округінің сайланған әкімі, Жалағаш кентінде тұрады. Өзін-өзі ұсынған. «Аманат» партиясының мүшесі.

Жалағаш ауданының Жаңаталап ауылдық округінің әкімін сайлау жөніндегі дауыстарды санаудың нәтижелері туралы уәкелетті сайлау комиссиясының хаттамасы негізінде Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы Жалағаш ауданының Жаңаталап ауылдық округінде сайлау өтті деп танылғанын хабарлайды.

Жалағаш ауданының Жаңаталап ауылдық округінің әкіміне 3 кандидат дауысқа түсті. Жаңаталап ауылдық округі бойынша сайлаушылар тізіміне 424 азамат енгізілген, оның ішінде сайлау бюллетендерінің 284 адам немесе 66,98 пайызы алды, оның ішінде есептен шығару куәліктері бойынша сайлаушылар дауыс берген жерде, дауыс беру үй-жайынан тыс жерде 7 сайлаушы дауыс берді. 2 бюллетен жарамсыз деп танылды.

Жалағаш ауданының Жаңаталап ауылдық округінің әкімін сайлаудың мынадай қорытындылары анықталды:

Абдиқаликов Қуаныш Боранбекович үшін дауыс беруге қатысқан сайлаушылар санынан – 233 дауыс, Ермахан Бексұлтан Галымбекұлы үшін – 25 дауыс, Мамытов Жандос Мұстафаұлы үшін – 23 дауыс берді, барлығына қарсы – 1 дауыс берілді.

Абдиқаликов Қуаныш Боранбекович – Жалағаш ауданының Жаңаталап ауылдық округінің сайланған әкімі болып есептелінді.

Абдиқаликов Қуаныш Боранбекович – 1974 жылы туған, қазақ, Жаңаталап ауылдық округінің әкімі, Жаңаталап ауылында тұрады. Өзін-өзі ұсынған. «Аманат» партиясының мүшесі.

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 45, 113-11-баптарына сәйкес, 2026 жылғы 21 маусымда сайланған Ақсу ауылдық округі әкіміне Сығайбаев Мейрамбек Серікұлы және Жаңаталап ауылдық округі әкіміне Абдиқаликов Қуаныш Боранбековичты тіркеді.

Су айдындарында демалу кезінде қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау – адам өмірі мен денсаулығын қорғаудың басты кепілі. Әсіресе жаз мезгілінде өзен, көл, канал және басқа да су айдындарында қауіпсіздік ережелерін сақтау аса маңызды.

## Судағы қауіпсіздікті сақтайық

Тек рұқсат етілген және арнайы жабдықталған жағажайларда шомылыңыз. Суға түсер алдында судың тереңдігін және түбін жақтайын тексеріңіз. Белгіленбеген және қауіпті орындарда шомылмаңыз. Мас күйінде суға түсуге қатаң тыйым салынады. Жалғыз шомылмай, жақын жерде адамдардың болуын қалағандықтан.

Қатты шаршаған немесе денсаулығыңыз сыр берген жағдайда суға түспеніз. Су ішінде бір-бірінді қорқытып, итеріп ойнамаңыз. Қайықтар мен су көліктері жүретін аумақтарда шомылмаңыз. Найзағай, қатты жел немесе ауа райының қолайсыз кезінде суға түспеніз.


Балаларды су жағасында қараусыз қалдырмаңыз. Балалар тек ересектердің бақылауымен суға түсуі тиіс. Жүзуді білмейтін балаларға құтқару кеудешесін немесе арнайы жүзу құралдарын пайдалану қажет. Балаларға судағы қауіпсіздік ережелерін алдын ала түсіндіріңіз.

Қайықпен жүзу кезінде міндетті түрде құтқару кеудешесін киіңіз. Қайықтың шамадан тыс жүктемесіне жол бермеңіз. Қайық ішінде орнына кенет тұрма және бір жаққа жаяпай жиналуға болмайды. Қайыққа алкогольдік ішімдік іштеу тыйым салынады.

Егер адам суға батып жатса, дереу 112 нөміріне хабарлаңыз. Өзіндік қауіпсіздігін сақтай отырып көмек көрсетіңіз. Құтқару шеңберін, арқанды немесе қолда бар қалқымалы заттарды пайдаланыңыз. Арнайы дайындықсыз суға секіріп, құтқаруға әрекет жасаманыз.

Су демалыс орны ғана емес, қауіп көзі де болуы мүмкін. Сондықтан судағы қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтап, өз өміріңіз бен жақындарыңыздың қауіпсіздігін қамтамасыз етіңіз. Судағы қауіпсіздік ережелерін сақтайық, өмірімізді қорғайық!

### Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі



## ТІЛ – ХАЛЫҚТЫҢ ЖАНЫ, ҰЛТТЫҢ РУХЫ



«Тіл жоғалған халықтың өзі де жоғалады» деген қанатты сөздің астарында терең мағына жатыр. Тіл – халықтың жаны, ұлттың рухы, елдіктің ең асыл белгісі. Ана тілі арқылы адам туған халқының тарихын таныды, мәдениетін меңгереді, салт-дәстүрін бойына сіңіреді. Сондықтан мемлекеттің тілдің мәртебесін көтеру – әрбір азаматтың қасиетті борышы.

Тіл – адамзат баласына берілген ең ұлы қазына. Жер бетінде мыңдаған ұлт пен ұлыс өмір сүрсе, олардың әрқайсысының өзіндік болмысын айқындайтын басты ерекшелігі – тілі. Халықтың сан ғасырлық тарихы, рухани байлығы, дүниетанымы мен өмірлік тәжірибесі тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отырады. Сондықтан ана тілін құрметтеу – ата-баба мұрасын құрметтеу деген сөз.

Қазақ тілі – ғасырлар қойнауынан жеткен ұлы мұра. Сан ғасырлық тарихымыз, бай әдебиетіміз, халық даналығы мен ұлттық құндылықтарымыз осы тіл арқылы бүгінгі ұрпаққа жетті. Ата-бабамыздың аманаты болған ана тіліміз тәуелсіздікпен бірге жана тыныс алып, мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болды. Бұл – халқымыздың ең үлкен жетістігі.

Қазақ тілі – ұлы даланың төсінде қалыптасқан, ғасырлар бойы шыңдалған бай тіл. Оның сөздік қоры мол, бейнелеу мүмкіндігі кең. Қазақ халқы сөз өнерін ерекше қадірлеген. «Өнер алды – қызыл тіл» деген нақылдың өзі халқымыздың тілге деген құрметін көрсетеді. Би-шешендердің даналық сөздері, ақын-жыраулардың толғаулары, халық ауыз әдебиетінің жауһарлары қазақ тілінің құдіретін айқын дәлелдейді.

Мемлекеттік тіл жай ғана қарым-қатынас құралы емес. Ол – елдің тұтастығын сақтайтын, халықты ортақ мақсатқа жұмылдыратын күш. Бір елдің азаматтарын біріктіретін де, олардың бойына отансүйіштікті сезімді ұялатады да – ортақ тіл. Сондықтан қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту, оның беделін арттыру – мемлекетіміздің тұрақты дамуының маңызды шартының бірі.

Тарихқа көз жүгіртсек, қазақ тілі талай сындалуы кезеңді бастан өткерді. Ел басына күн туған қиын замандарда да халқымыз ана тілінен ажыраған жоқ. Қанша қиындық көрсе де, тілін сақтап қалды. Өйткені халық тілдің ұлтпен бірге жасайтын мәңгілік құндылық екенін жақсы түсінді. Сол себепті қазақ тілі бүгінгі күнге дейін өзінің өміршеңдігін жоғалтпай, дамып келеді.

Тәуелсіздік жылдары мемлекеттік тілдің дамуына ерекше көңіл бөлінді. Қазақ тілі мемлекеттік басқару жүйесінде, білім беру саласында, мәдениет пен ақпарат кеңістігінде кеңінен қолданыла бастады. Тіл туралы заңдар қабылданып, мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылды. Мұның бәрі қазақ тілінің мәртебесін арттыруға бағытталған маңызды қадам болды.

Қазіргі таңда қазақ тілі ғылымның, білімнің, мәдениет пен өнердің, ақпараттық технологиялардың тіліне айналып келеді. Мемлекеттік тілде кітаптар жарық көріп, телерадио хабарлары таралып, түрлі салалардағы ғылыми еңбектер жазылады. Бұл – тілдің өміршеңдігін көрсететін жарқын көрініс.

Ғаламданду дәуірінде ұлттық тілдің маңызы бұрынғыдан да арта түсті. Әлем халықтары арасындағы мәдени және экономикалық байланыстар күшейген сайын әрбір ұлт өзінің ұлттық ерекшелігін сақтауға ұмтылады. Ал сол ерекшеліктің басты тірегі – ана тілі. Сондықтан мемлекеттік тілді дамыту – ұлттық қауіпсіздік пен рухани тәуелсіздіктің де кепілі.

Бүгінгі таңда жастардың қазақ тілін меңгереу деген қызығушылығы артып келеді. Мемлекеттік тілде білім алып, ғылыммен айналысып жүрген жастардың қатары көбейіп келеді. Бұл – болашаққа деген сенімділігің нығайтатын жағымды үрдіс. Өйткені елдің ертені – жастар, ал тілдің тағдыры да солардың қолында.

Тілге деген құрмет ең алдымен отбасынан басталады. Бесіктен бастап ана елдің тыңдап өскен бала туған тілдің қадірін терең сезінеді. Ұлттық тәрбиенің қайнар көзі де – ана тілі. Сондықтан жас ұрпақтың бойына тілге деген сүйіспеншілікті сіңіру – ата-ана мен ұстаздардың ортақ міндеті. Өз тілін ардақтаған ұрпақ қана өз елінің нағыз жанашыры бола алады.

Ұстаздардың мемлекеттік тілді дамытудағы рөлі ерекше. Мектеп қабырғасынан бастап оқушылардың бойына тіл мәдениетін қалыптастыру, сөз қадірін ұғындыру – маңызды міндеттің бірі. Тілді тек пән ретінде

Ақтоғай БҰРҚИТБАЙ

**Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ,**  
аудандық полиция бөлімі жедел басқару  
орталығының бастығы:

## ХАЛЫҚТЫҢ СЕНИМІ – БІЗ ҮШІН ЕҢ ҮЛКЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК

Елдің тыныштығы – ең қымбат байлық, ал сол тыныштықты күзету – ердің қасиетті парызы. Қоғамның қауіпсіздігі мен азаматтардың бейбіт өмір сүруі – қай кезеңде де мемлекеттің ең басты құндылығы болып келеді. Түн ұйқысын төрт бөліп, күндіз күлкісін тәртіп пен заңның сақталуына арнайтын полиция қызметкерлерінің еңбегі қашанда құрметке лайық. Өйткені елдің амандығы мен халықтың алаңсыз тіршілігінің артында көзге көрінбейтін қажырлы еңбек, темірдей тәртіп және үлкен жауапкершілік жатыр.

«Тәртіпке бас иген құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды» деген дана сөздің мәні бүгінгі қоғамда ерекше айқын көрініс табады. Заң үстемдік құрған жерде әділет салтанат құрады, ал әділет бар жерде халықтың мемлекетке деген сенімі арта түседі. Осындай абыройлы міндетті адал атқарып жүрген тәртіп сақшысының бірі – Жалағаш өңірінің тумасы, полиция саласының тәжірибелі маманы Олжас Сүлейменов.

Олжас Кенжеғараұлы – екі баланың ардақты әкесі, отбасының асқар тауы, қызметіне адал азамат. Оның өмірлік ұстанымы – адал еңбек ету, ел сенімін ақтау және заң мен тәртіптің сақталуына үлес қосу. Еңбек жолын 2009 жылдың шілдесінде ішкі істер саласында бастаған ол қызметтің әр сатысынан өтіп, мол тәжірибе жинақтады. Алғашқы жылдардан ақ өзінің жауапкершілігі мен кәсіби біліктілігін таныта білді. Ол табиғатты қорғау инспекторы, тергеуші, учаскелік полиция инспекторы, сондай-ақ жедел басқару орталығында аға инспектор секілді маңызды қызметтерді атқарды.

Қай қызметте жүрсе де басты қағидасы – халыққа қалтқысыз қызмет ету, әділдікті ту ету болды. «Адал еңбек – абыройдың бастауы» дейді дана халқымыз. Бұл сөз Олжас Кенжеғараұлының өмірлік жолымен үндеседі. 2021 жылдың мамыр айынан бастап аудандық полиция бөлімінің жедел басқару орталығының бастығы қызметін абыроймен атқарып келеді. Жауапкершілігі жоғары бұл қызмет қырағылықты, жедел шешім қабылдауды және үлкен тәжірибені талап етеді.

Жедел басқару орталығы қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Мұнда түлкі бойы «102» арнасына келіп түскен хабарламалар қабылданып, құқық бұзушылық немесе қылмыс орын алған жағдайда жедел тергеу топтары оқина орнына дереу бағытталады.

Бүгінгі таңда аудан аумағында 72 бейнебақылау камерасы тұрақты жұмыс істейді. Оның ішінде бес камера жылдамдық өлшеуін арнайы құрылғылармен жабдықталған. Заманауи технологиялардың көмегімен түсуіне орта есеппен 30-40 құқық бұзушылық анықталады.

Жыл басынан бері бейнебақылау жүйесінің көмегі арқылы

6700-ге жуық әкімшілік құқық бұзушылық анықталып, алты қылмыстың беті ашылған. Бұл – жаңа технология мен кәсіби мамандардың қырағылығы мен тынымсыз еңбегінің нақты нәтижесі.

«Қылмыспен күрестен бұрын оның алдын алу маңызды» деген қағида құқық қорғау органдары қызметінің басты бағытына айналған. Осы орайда аудан көлемінде құқық бұзушылықтың алдын алу, қоғамдық тәртіпті сақтау және азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізілуде. Қазіргі таңда қоғамды алаңдатып отырған өзекті мәселенің бірі – интернет-алаяқтық. Заман ағымына сай түрленген алаяқтық әрекеттердің құрбаны болмау үшін тұрғындарға түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізіліп келеді. Себебі саяси – қауіпсіздіктің кепілі.

Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың азаюы – жүргізілген профилактикалық жұмыстардың жемісі. Білім беру ұйымдарында, мекемелерде және қоғамдық орындарда өткізілетін кездесулер арқылы жас бұйға заңды құрметтеу, тәртіпті сақтау және тәртіптің бұзылуына әкеп етуде. Адам тағдырына немқұрайлы қарамау – тәртіп сақшыларының адамгершілік борышы. Мұны кейіпкеріміздің жақсы түсінгенін жауаптылығынан аңғардық.

Жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында да түрлі іс-шаралар мен рейдтік жұмыстар ұйымдастырылып келеді. Өйткені жолдағы әрбір тәртіп – адам өмірінің амандығына деген қамқорлық. «Сақтықта қорлық жоқ» деген халық даналығының мәні де осында.

Полиция қызметі – тек құқық бұзушылықты анықтау ғана емес, ол – халыққа қорған болу, қиын сәтте көмек қолын созу және қоғам тыныштығын күзету. Әрбір «102» нөміріне



түскен қоңыраудың артында адам тағдыры мен отбасының алаңдаушылығы жатқанын жедел басқару орталығының қызметкерлері жақсы түсінеді.

Қызмет барысында түрлі ерекше оқиғалар мен күрделі жағдайлар жиі кездеседі. Мұндай сәттерде сабырлық, батылдық және кәсіби шеберлік аса қажет. Тәртіп сақшысы үшін халықтың алғысы мен сенімі – ең жоғары марапат.

Олжас Кенжеғараұлының ішкі істер саласындағы адал еңбегі мемлекет тарапынан бірнеше мәрте жоғары бағаланып, түрлі марапаттарға ие болды. 2026 жылдың 7 мамырында оған полиция подполковнигі арнайы шені берілді. Бұл – оның көп жылғы қажырлы еңбегі мен мамандығына деген адалдығының айқын дәлелі.

«Ердің атын еңбек шығарады» дейді дана халқымыз. Шынында, ел игілігі үшін аянбай еңбек еткен жанның абыройы әрдайым биік. Өз сөзінде Олжас Кенжеғараұлы «Біздің басты мақсатымыз – ел мен халықтың тыныштығын сақтау. Түрлі құқық бұзушылық пен қылмыстардың алдын алып, орын алған қылмыстың бетін дер кезінде ашу және тұрғындарға сапалы, жүйелі қызмет көрсету – біздің қызметіміздің басты міндеті. Халықтың сенімі мен алғысы – біз үшін ең үлкен жауапкершілік әрі адал еңбегіміздің өлшемі» дейді.

Шыны мәнінде, бейбіт өмірдің бастауы оны қорғап жүрген жаңдар жақсы біледі. Тыныштық – елдің берекесі, тұрақтылық – мемлекет дамуының негізі. Сол қасиетті ұғымдардың күзетінде жүрген Олжастай тәртіп сақшыларының еңбегі әрдайым құрметке лайық.

Қазақ халқының «Тәртіпке бас иген құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды» деген қанатты сөзі қашанда өз мәнін жоғалтқан емес. Заңға құрмет көрсету, тәртіпті сақтау – әрбір азаматтың парызы. Ел тыныштығын күзеткен ерлердің еңбегі ұлықталып, олардың адал қызметі кейінгі ұрпаққа үлгі бола бермек.

Ләззат ҚАЗМАҒАНБЕТОВА

Қырағы полицей

## ҚОҒАМ ТЫНЫШТЫҒЫН КҮЗЕТКЕН

Қазақтың қай баласын тоқтатып сұрасаңыз да, Отанға қызмет етуді өзінің азаматтық борышы санайтыны анық. Елдік іске келгенде аянбай еңбек етіп, қоғам дамуына үлес қосып жүрген азаматтар аз емес. Осындай жандардың қатарында Нұржан Маньзбаев та бар. Ол – адам құқығын мамандығымен арнап жүрген жас маман. Қоғам тыныштығын сақтау – үлкен жауапкершілік пен табандылықты талап ететін сала. Осындай маңызды бағытта қызмет етіп жүрген кейіпкеріміз бүгінде отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобының инспекторы қызметін атқарады.



Нұржан Маньзбаевтың бұл салаға келу жолы бір күндік шешім емес. Ол мектепті аяқтағаннан кейін болашақ мамандығын саналы түрде таңдап, Қызылорда қаласында «Құқықтану» мамандығы бойынша арнаулы білім алды. Бұл кезең оның құқық қорғау саласына деген қызығушылығын арттырып, алдағы өмір жолын айқындап берді. Білім ордасында алған теориялық білім оның алғашқы қадамы болса, нақты тәжірибе кейін басталды. Ол құқық қорғау саласында еңбек етуді мақсат етіп, Астана қаласына келді. Сол жерде жол-патрульдік полициясы қызметінде жұмыс істеп, алғашқы кәсіби тәжірибесін жинады. Бұл кезең оның өміріндегі ең маңызды мектептің бірі болды. Себебі жол-патрульдік полициясы кез келген жас маманға тәртіп, жылдам шешім қабылдау, жауапкершілік және сабырлық секілді қасиеттерді үйретеді.

Жол үстіндегі тәртіпті бақылау – оңай жұмыс емес. Күнделікті түрлі жағдайлар, оқыс оқиғалар, азаматтармен қарым-қатынас, шұғыл шешім қабылдау, бәрі де үлкен дайындық пен төзімділікті талап етеді. Нұржан үшін бұл кезең тәжірибе мектебі болды. Ол әрбір кезекшілікте қоғамдық қауіпсіздіктің қаншалықты маңызды екенін терең сезінді. Әр оқиға оған өмірлік сабақ берді, әр жағдай оның кәсіби қалыптасуына әсер етті. Осы салада жүріп ол адамдармен тіл табысу, қиын сәтте дұрыс шешім қабылдау, тәртіпті сақтау сияқты маңызды дағдыларды меңгерді. Дегенмен уақыт өте келе ол өз мүмкіндігін басқа бағытта да сынап көруді жөн көрді. Себебі оның басты мақсаты тек бір салада іштелу емес, қоғамға жан-жақты қызмет ету еді.

Жол-патрульдік полициясындағы тәжірибеден кейін Нұржан Маньзбаев кәсіптік қолмағандар істері жөніндегі инспектор лауазымына ауысты. Бұл – оның қызмет жолындағы жауапты кезең болды. Жаңа сала жасөспірімдермен тікелей жұмыс істеуді талап етеді. Мұнда әр бала жеке тұлға, әр оқиға ерекше көзқарасты қажет етеді. Инспектордың басты міндеті жасөспірімдердің құқық бұзушылыққа баруына жол бермеу, оларды дұрыс бағытта салу және қиын жағдайдағы балаларға қолдау көрсету еді.

– Салаға саналы таңдауыммен келдім. Оңай жұмыс деп айта алмаймын. Дегенмен әрбір азамат қоғамға бір пайдасын тигізуі керек деп ойлаймын. Жол-патрульдік полициясынан кейін кәсіптік қолмағандар істері жөніндегі инспектор лауазымына ауыстым. Бұл жаңа кезең үлкен жауапкершілікпен бірге жаңа міндеттерді де ала келді, – дейді ол.

Бүгінде ол отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобында да еңбек етіп жүр. Бұл – қоғамдағы ең күрделі әрі маңызды саланың бірі. Кейде ішкі отбасылық қиындықтар, кейде ауыр жанжал, кейде қайғылы жағдайларға дейін жетуі мүмкін. Сондықтан инспекторлар әр жағдайға бейжай қарамай, зан асында әрі адамгершілік тұрғыдан шешім табуға тырысады.

– Түсіндірме жұмыстарын жүргіземіз. Тауліктің қай мезгілі екені біздің жұмыс үшін маңызды емес. Ең бастысы, қоғамдағы тыныштыққа үлес қосу. Әр түрлі отбасы бар, біз олардың жағдайын түсіндіріп, салдарын қарапайым тілмен жеткіземіз. Қылмыстың алдын алу және оған жол бермеу мақсатында профилактикалық жұмыстар тұрақты түрде жүргізіледі, – дейді Нұржан Маньзбаев.

Биыл бес айда 112 арнасына отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты 32 қоңырау түскен. Бұл көрсеткіш қоғамда бұл мәселенің әлі де өзекті екенін көрсетеді. Дегенмен құқық қорғау органдары тарапынан алдын алу жұмыстары жүйелі жүргізілуде. Түрлі рейдтер, түсіндіру жұмыстары, кездесулер, профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылып келеді.

Жыл басында «Отбасын қорғау» атты жедел профилактикалық акция өткізілсе, «Қауіпсіз ұя» бағытындағы рейдтік жұмыстар да қолға алынған. Мұндай шаралар зорлық-зомбылықтың алдын алып, отбасылық тұрақтылықты нығайтуға бағытталған. Кейіпкеріміздің жұмысы тек кенесі емес, күнін-түні, кез келген уақытта атқарылады. Шақырту түскен сәтте қызметкерлер дереу оқиға орнына барып, жағдайды бақылауға алады. Мұндай сәттерде сабыр мен кәсіби біліктілік өте маңызды.

Әр жағдайдың артында адам тағдыры тұрғанда шешім қабылдау оңай емес. Оның айтуынша, бұл жұмыс адамды пшымдалыққа, сабырлыққа және терең ойлануға үйретеді.

Құқық қорғау саласында қызмет ете бастағанына көп уақыт болмаса да, Нұржан Маньзбаевтың еңбегі елеусіз қалған жоқ. Ол аудан әкімінің алғыс хатымен марапатталды. Сонымен қатар оның қоғамдық тәртіпті сақтаудағы еңбегі үшін ата-анасына Астана қаласы Полиция департаменті тарапынан алғыс хат табысталды. Бүгінде ол өз қызметін тек жұмыс емес, қоғамға қызмет етудің маңызды миссиясы деп біледі. Оның еңбегі – ел тыныштығы мен жас ұрпақтың қауіпсіздігіне қосылған мардымды үлес.

Сезім НҰР

Гүлжан ЕСЖАН

### Маман мерейі

Сағадат Әбшекен,  
қоғамдық қауіпсіздік  
бөлімшесінің басшысы:

## ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ – ЕРГЕ МІНДЕТ



23 маусым – ел тыныштығын күзеткен тәртіп сақшыларының қызметкерлерінің кәсіби мерекесі. Мереке қарсаңында сала мамандары құттықтап, олардың күнделікті қызметімен танысуға жөн көрді. Бүгінгі кейіпкеріміз – аудандық полиция бөлімінің қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің басшысы, полиция майоры Сағадат Әбшекен.

– Бала күнімен әкемің бауырларының полиция қызметінде еңбек етіп жүргенін көріп өстім. Олардың ел алдындағы жауапты қызметі мен адалдығы маған әрдайым үлгі болды. Сол кісілер секілді халыққа қалтқысыз қызмет етуді армандап, осы мамандықты таңдадым. Менің түсінігімде елге қызмет – ерге міндет, – дейді Сағадат Жомартұлы.

Кейіпкеріміз – Мәкан Есболатов атындағы ҚР ІІМ Алматы академиясының түлегі. Еңбек жолын Астана қаласы Алматы аудандық полиция басқармасында бастаған. Кейін Астана қаласы Полиция департаментінің Анықтау басқармасындағы жол-көлік оқиғалары бөлімінде анықтаушы қызметін атқарған. Сондай-ақ Астана қаласының Алматы аудандық полиция басқармасының тергеу бөлімінде тергеуші болып жұмыс істеген.

Ол 2023 жылы Жалағаш аудандық полиция бөлімінде көші-қон саласы бойынша қызмет атқарып, кейін әкімшілік

полиция бөлімінің әкімшілік практика тобының инспекторы лауазымында еңбек еткен. Одан кейін Әкімшілік полиция бөлімшесінің бастығы қызметіне тағайындалып, кәсіби біліктілігін мен ұйымдастырушылық қабілетін көрсете білді. Ал бытырдан бері кейіпкеріміз қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің басшысы қызметін абыроймен атқарып келеді.

– Ауданда ахуал тұрақты. Өткен жылмен салыстырғанда қылмыс саны да, әкімшілік құқық бұзушылықтар да едәуір азайған. Мәселен, 2024 жылы жол-көлік оқиғалары салдарынан 44 адам түрлі дене жарақатын алса, өткен жылы бұл көрсеткіш 50 пайызға төмендеді, яғни жол-көлік апатынан 22 адам жарақат алды. Өздеріңіз білетіндей, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында кент және ауылдық округтерде бейнебақылау камералары орнатылып, қауіпсіздік белдігін тағу бағытында бірқатар жұмыс атқарылды. Нәтижесінде бүгінде барлық жүргізуші мен жолаушы автокөлікте қауіпсіздік белдігін тағу талабын сақтауда. Соның арқасында жол-көлік оқиғалары орын алған жағдайда тұрғындардың ауыр дене жарақатын алу қаупі едәуір азайды, – дейді кейіпкеріміз.

Айта кетейік, жыл басынан бері ауданда 21 жол-көлік оқиғасы тіркелген. Салдарынан 16 адам жарақат алып, өкінішке орай 7 адам көз жұмған. Жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында ауданда тұрақты түрде «Қауіпсіз жол», «Құқықтық

тәртіп», «Қауіпсіз көше» секілді жедел-профилактикалық іс-шаралар өткізіліп келеді. Іс-шаралар барысында жүргізушілер тексеріліп, олардың көлік құралын мас күйінде басқару деректері анықталады. Сондай-ақ жол қозғалысы ережелерінің сақталуы бақылауға алынып, құқық бұзушылықтардың алдын алу жұмыстары жүргізіледі.

Иә, жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен қоғамдық тәртіпті сақтауда сала мамандарының еңбегі зор. Олар көшедегі тыныштықты күзетіп, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Осы жауапты міндетті атқару барысында кун сайын түрлі оқиғалармен бетпе-бет келеді. Қауіп-қатерге қарамастан, жедел әрекет етіп, халықтың тыныштығы мен қауіпсіздігін қорғауды басты міндет санайтын кейіпкеріміз үшін жауапкершілік әрдайым бірінші орында.

– Астана қаласында қызмет атқарып жүрген кезім. Жаз мезгілі болса керек. Бір күні елорда орталығында бұзақылық сипатындағы ауыр қылмыс орын алды. Тергеу барысында оқиғаға қатысы бар азаматтардың бірі Сарыағаш қаласының тұрғыны екені анықталды. Күдіктілер автокөліктің төбесіне шығып алып, бір-біріне оқ атқан. Аталған қылмыстық іс бойынша тергеу жұмыстарын өзім жүргіздім. Күдіктілерге іздеу жарияланып, оларды ұстау бағытында жедел-іздістеру шаралары қолға алынды. Көп ұзамай күдіктілердің бірінің Астана қаласына бағыт алған пойызға билет сатып алғаны туралы жедел ақпарат келіп түсті. Дереву әрекет етіп, қолға түсірдік. Тінту және тексеру барысында қылмысқа қатысы бар қарулар күдіктінің үйінен табылды. Нәтижесінде іс толықтай тергеліп, барлық дәлелдеме жинақталып, сот қарауына жолданды, – дейді ол.

Айта кетейік, Сағадат Жомартұлы ауыр санаттағы қылмыстарды, яғни есірткі айналымы, адам өлтіру және зорлық-зомбылыққа қатысты істерді тергеп-тексеру мен ашу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізген. Мұнан бөлек алаяқтық қылмыстарды ашу бойынша да нәтижелі еңбек етіп, көптеген күрделі істің бетін ашуға және қиыны тұлғаларды өшкереіп, оларды жауапкершілікке тартуға өз үлесін қосқан, яғни 76 жобаның ішінде қатысты қылмыстық іс сотқа жіберіліп, күдіктінің қылмыстық әрекеттері тергеу барысында толық дәлелденген.

Халыққа қалтқысыз еңбек еткен үшін ол 2024 жылы «Жыл сақшысы» атағына ие болып, қызметтік міндеттерін үлгілі әрі мінсіз атқарғаны үшін бұлар «Ішкі істер органдарындағы мінсіз қызметі үшін» төсбелгісімен марапатталған. Сондай-ақ «Ішкі істер органдарының шебер маманы» біліктілік санатын иеленген.

Сағадат Жомартұлы ішкі істер саласында бірнеше жылдан бері абыройлы қызмет атқарып келеді. Ол өз жұмысында ең алдымен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және қоғамдық тәртіпті сақтауды басты мақсат еткен. Қызмет барысында түрлі деңгейдегі қылмыстың алдын алу, оларды дер кезінде анықтау және ашу бағытында жүйелі жұмыс жүргізген. Бүгінде ол басқаратын бөлімше қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолында үздіксіз еңбек етіп, тұрғындардың тыныштығын қорғауға бар күшін салып келеді.

Меншік иесі:



жауапкершілігі  
шектелуді серіктестігі

Бас директор  
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық  
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор  
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:  
Бас директор - 8(7242) 70-00-36  
Бас редактор - 32-0-41  
Бас редактордың орынбасары,  
жауапты хатшы,  
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат қорында 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01.178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.  
Жеке авторлардың пікірі редакцияның  
түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакциясы компьютер орталығында  
теріндіп, беттеліп, «ASU» баспа йі ЖШС  
сенімгерлік бас аруында й «Сыр медиа» ЖШС  
баспаханасында басылды.  
Тел.: 8(7242) 40-06-68.  
31-5-75 немесе 8(7242) 70-14-08  
телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2983 Тапсырыс №1056